

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2026 жылғы 12 ақпан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысының Жарлығымен 2026 жылғы 15 наурызда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы республикалық референдумға шығарылады. Бұл ел дамуының жаңа кезеңіндегі тарихи оқиға.

Конституцияның жобасы ашық әрі жан-жақты талқыланып, мұқият пысықталды. Талқылау барысында азаматтардың ұсыныстары барынша ескерілді. Бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының іс жүзіндегі жарқын көрінісі екені сөзсіз. Сол арқылы әділетті Қазақстанның конституциялық моделі қалыптасуда. Осы ретте Конституциялық комиссияның және оның құрамындағы Парламент депутаттарының қажырлы жұмысын ерекше атап өткен жөн. Осылайша атқарылған ауқымды жұмыстың нәтижесінде әзірленген жаңа Ата заңның жобасы бүгін бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жарияланады. Алдағы уақытта Сенат депутаттары жаңа Ата заңның ережелерін түсіндіру жұмыстарына бір кісідей атсалысады деп сенеміз. Осы орайда әділетті Қазақстанның берік негізін қалайтын кезеңде барша қазақстандықтар өздерінің патриотизмін және азаматтық ұстанымдарын білдіріп, референдумға белсенді қатысады деп сенеміз және соған шақырамыз.

Құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Байқадамов Наурызбай Сейтқалиұлының өкілеттігін тоқтату туралы.

Өздеріңізге белгілі, әріптесіміз Байқадамов Наурызбай Сейтқалиұлы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры болып тағайындалды. Әріптесімізді құттықтап қояйық.

### ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Наурызбай Сейтқалиұлы, алдағы жауапты жұмыстарыңызға табыс пен сәттілік тілейміз.

Осыған байланысты Орталық сайлау комиссиясы Сенатқа тиісті ұсыным енгізді. Конституциялық нормаларға сәйкес бұл мәселе бойынша Сенат тиісті қаулы қабылдау керек. Ендеше басқа жұмысқа ауысуына байланысты Сенат депутаты Байқадамов Наурызбай Сейтқалиұлының өкілеттігін тоқтату жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті әріптестер! Наурызбай Сейтқалиұлы 2024 жылы Қызылорда облысынан Сенат депутаты болып сайланды. Содан бері Палатаның заң шығару қызметіне белсенді қатысып, Парламентте ауқымды жұмыс атқарды. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі ретінде халықты алаңдатқан маңызды мәселелерді оң шешуге үлкен үлес қосты.

Палата Бюросы депутат ретіндегі жұмысын жоғары бағалай отырып, Наурызбай Сейтқалиұлын Сенаттың «Құрмет» грамотасымен марапаттаған еді. Енді осы марапатты әріптесімізге тапсыруға рұқсат етіңіздер.

### ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

БАЙҚАДАМОВ Н.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер, құрметті Аппарат қызметкерлері! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен елімізді жаңарту кезіндегі жауапты кезеңде сіздермен әріптес болғанымға өз ризашылығымды жеткізгім келеді.

Жоғары заң шығарушы билік құрамында өздеріңіздей қоғамның танымал тұлғаларымен қатар тұрып жұмыс жасау мен үшін мақтаныш. Ең соңынан сайланып, бірінші кетіп бара жатқаныммен екі жылға жуық уақытта үлкен саяси мектептен өтіп, өмірлік тәжірибе жинақтауыма мүмкіндік бергендеріңізге қуаныштымын.

Президент жариялаған қоғамдық-саяси жаңарудың түп негізі референдумның халықтың қолдауымен сәтті өтетініне сенім мол. Түбегейлі жаңару мен экономиканы нығайту барысындағы еңбектеріңіз еленіп, абыройдың биігінде болыңыздар. Еліміз аман, жұртымыз еңбекқор, тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз еңселі болғай.

Сау-саламатта болайық. Рақмет сіздерге!

### ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет, Наурызбай Сейтқалиұлы. Еліміздің білім мен ғылым жүйесін ары қарай дамыту, сапалы мамандар даярлау жолында еселі еңбек етесіз деп сенеміз. Барлық жұмыстарыңыз табысты, сәтті болсын. Үлкен лауазымыңыз құтты болсын.

### ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі екі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2006 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасы Ыстықкөл облысының аумағында орналасқан курорттық-рекреациялық шаруашылық объектілеріне Қазақстан Республикасының меншік құқықтарын реттеу туралы келісімді және 2006 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасы Ыстықкөл облысының аумағында орналасқан курорттық-рекреациялық шаруашылық объектілеріне Қазақстан Республикасының меншік құқықтарын реттеу туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және «2009 жылғы 1 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасы Ыстықкөл облысының Ыстықкөл ауданындағы жер учаскелерін жалға беру туралы шартты және 2009 жылғы 1 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасы Ыстықкөл облысының Ыстықкөл ауданындағы жер учаскелерін жалға беру туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Бұл екі заң бір-бірімен байланысты, сондықтан бас комитет оларды бірге қарауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса екі заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Ниязова Нурия Исмагиловнаға беріледі.

НИЯЗОВА Н.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! На ваше рассмотрение вносятся законы Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Кыргызской Республики об урегулировании прав собственности Республики Казахстан на объекты курортно-рекреационного хозяйства, расположенные на территории Иссык-Кульской области Кыргызской Республики, от 4 июля 2006 года» и «О ратификации Договора между Правительством Республики Казахстан и Правительством Кыргызской Республики о предоставлении в аренду земельных участков в Иссык-Кульском районе Иссык-Кульской области Кыргызской Республики от 1 декабря 2009 года и Протокола о внесении изменений и дополнений в Договор между Правительством Республики Казахстан и Правительством Кыргызской Республики о предоставлении в аренду земельных участков в Иссык-Кульском районе Иссык-Кульской области Кыргызской Республики от 1 декабря 2009 года».

Соглашение продлевает до конца 2029 года обязательства казахстанской стороны по модернизации объектов до уровня трех- и четырехзвездочных отелей с круглогодичным режимом работы.

Достигнута договоренность о возможности казахстанской стороны привлечь инвесторов.

Соглашением устанавливается право собственности Республики Казахстан на четыре объекта.

Первый объект – санаторий «Казахстан». В настоящее время Управление делами Президента реализует проект по строительству санатория «Казахстан» на озере Иссык-Куль, срок сдачи – предположительно четвертый квартал 2026 года.

Также на территории санатория предусмотрен снос всех существующих зданий и сооружений, за исключением дачи №1 Динмухамеда Ахмедовича Кунаева, как объекта для сохранения историко-культурного наследия и увековечения памяти с преобразованием данного объекта в дом-музей.

Второй объект – дом отдыха «Самал». Между КазНИТУ имени Сатпаева и инвестором подписано Соглашение о совместной деятельности, в рамках которого начата работа по отбору исходных данных для разработки проектно-сметной документации. Планируемое начало строительства – четвертый квартал 2026 года.

Третий объект – спортивно-оздоровительный лагерь «Университет». На сегодня КазНУ проводит подготовку технического задания для реконструкции спортивно-оздоровительного лагеря. По итогам указанных мероприятий будут определены окончательная стоимость реконструкции и срок окупаемости.

В настоящее время работа по поиску альтернативных источников финансирования, в том числе за счет внебюджетных средств, продолжается.

Четвертый объект – спортивно-оздоровительный центр «Олимп». Министерством туризма и спорта осуществляются мероприятия по разработке проектно-сметной документации и проектов инвестиционного соглашения на строительство.

В соответствии с Договором между Правительством Республики Казахстан и Правительством Кыргызской Республики казахстанской стороне предоставлены во временное возмездное пользование земельные участки сроком на 49 лет общей площадью 58,8 гектара.

Кыргызская сторона гарантирует неприкосновенность арендуемых объектов и обязуется воздерживаться от действий, направленных на их изъятие в государственную собственность.

Главным комитетом проведены соответствующие заседания комитета. Постоянные комитеты Сената замечаний и предложений по закону не имеют.

Уважаемые коллеги! С учетом изложенного и в соответствии с пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан Комитет по финансам и бюджету предлагает одобрить данные законы. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нурия Исмагиловна.

Құрметті әріптестер, заңдар бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Арғынбекова Айнұр Серікпайқызына беріледі.

АРҒЫНБЕКОВА А.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мои вопросы адресованы представителю Министерства финансов.

В Законе «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Кыргызской Республики об урегулировании прав собственности Республики Казахстан на объекты курортно-рекреационного хозяйства, расположенные на территории Иссык-Кульской области Кыргызской Республики, от 4 июля 2006 года» предусмотрено, что объекты курортно-рекреационного хозяйства, расположенные на территории Иссык-Кульской области, в течение пяти лет планируется привести в соответствие со стандартами, определяемыми законодательством Кыргызской Республики.

В этой связи следующие вопросы.

Что именно подразумевается под формулировкой «стандарты, определяемые законодательством Кыргызской Республики»?

Не приведет ли применение указанных стандартов к увеличению стоимости восстановления и дальнейшей эксплуатации вышеуказанных объектов?

Какова предполагаемая нагрузка на наш бюджет?

Не создает ли это дополнительные риски неисполнения условий соглашения?

Рақмет.

ТӨРАҒА. Қаржы вице-министрі Темірбеков Дәурен Оденұлы, жауап беріңіз.

ТЕМІРБЕКОВ Д.О. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті депутат, сұрағыңызға рақмет.

Касательно стандартов кыргызской стороны по определению звездности. Эти стандарты были приняты кыргызской стороной в прошлом году. Они определены, как и наши казахстанские стандарты по определению звездности, на основании международных стандартов. Тем самым не видим большой разницы по определению звездности.

Более того, если вы заметили, по спортивно-оздоровительному центру «Олимп» нет звездности. В рамках переговоров мы достигли такой договоренности.

Что касается выделения средств из республиканского бюджета. Только на один объект выделяются деньги из республиканского бюджета, на санаторий «Казахстан». Сумма составляет 9 миллиардов тенге. В прошлом году и в этом году сумма выделена. Завершение планируется до конца этого года. По остальным трем объектам выделение средств не планируется.

По рискам неисполнения. Таких рисков мы не видим. Срок – декабрь 2029 года. Работы начаты с начала 2025 года. По санаторию «Казахстан» завершение в этом году.

По поиску инвесторов. Уже нашли инвестора по спортивно-оздоровительному центру «Олимп», по дому отдыха «Самал», по спортивно-оздоровительному лагерю «Университет» работы продолжаются. До конца этого года определимся с источниками. Правительством поставлены сроки завершения – 2027 – 2028 годы, не доводя до 2029 года. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қадырбек Мұрат Болатұлына беріледі.

ҚАДЫРБЕК М.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының өкіліне.

Заңға ұсынылған анықтамалық ақпаратқа сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Ыстықкөл жағалауында «Қазақстан» шипажайын салу жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыруда. Жобаның жалпы құны 9 миллиард теңгені құрайды, қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен тартылды делінген. Осыған байланысты келесі сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймын.

Ыстықкөл өңірінің климаттық ерекшеліктерін ескере отырып шипажай жылына небәрі екі-үш ай ғана толыққанды жұмыс істей алады. Қалған уақытта оның қызметі қалай ұйымдастырылатын болады?

Маусымаралық кезеңде және қыс мезгілінде нысанның жұмысын қамтамасыз ету жөнінде қандай шаралар көзделген? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығы басшысының орынбасары Қазиева Орынкүл Нұрланқызы, жауап беріңіз.

ҚАЗИЕВА О.Н. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Расында да 1962 жылдан бері санаторий екі ай ғана жұмыс істеген, яғни шілде-тамыз айында. Биыл төртінші тоқсанда біз құрылыс жұмысын бітіреміз, санаторий 365 күн жұмыс істейтін болады. Ол тек реабилитация бағытында жұмыс істейді, сондай-ақ көптеген шараны спорт командаларымен бірге жасау жоспарланып отыр. Мысалы, бізде бес спорт алаңы бар, жартылай спорттық бассейін бар. Сондықтан тек қана реабилитация емес, басқа да спорт жиындарын өткіземіз деп жоспарлаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Нурия Исмагиловна. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңдарды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Мен талқыланып жатқан заңдарды қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Бұған дейін атап өткендей, келісімшарт және оларға қосымша хаттамалар Қырғыз Республикасының Ыстықкөл облысы аумағында орналасқан курорттық нысандарға Қазақстанның меншік құқығын реттейтін екіжақты халықаралық құжаттар болып саналады.

Хаттамалар арқылы енгізілетін өзгерістер нысандарды қайта жаңарту үшін тек бюджет қаражатына ғана сеніп қалмай, отандық және шетелдік инвесторларды тартуға, сол арқылы қазақстандық міндеттемелерді сапалы орындауға жол ашады. Сонымен қатар аталған жобалардың сәтті орындалуы Қазақстан азаматтарының халықаралық деңгейдегі сапалы әлеуметтік инфрақұрылымдарға қол жетімділігін қамтамасыз етудің кепілі, ал халықаралық маңызы тұрғысынан бұл өзгерістер екі ел арасындағы мүлікті дауларды түпкілікті шешіп, Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы стратегиялық әріптестікті нығайтуға және Орталық Азиядағы туристік кластерді бірлесе дамытуға тың серпін береді.

Жалпы алғанда, қарастырылып отырған заңдарды қабылдау халықтың денсаулығын нығайту мүмкіндіктерін кеңейтеді және Қазақстанның Қырғыз Республикасымен достық екіжақты серіктестігін нығайтады деп есептейміз.

Құрметті әріптестер, жоғарыда айтылғандардың негізінде заңдарды қолдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заңдар бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «2006 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасы Ыстықкөл облысының аумағында орналасқан курорттық-рекреациялық шаруашылық объектілеріне Қазақстан Республикасының меншік құқықтарын реттеу туралы келісімді және 2006 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасы Ыстықкөл облысының аумағында орналасқан курорттық-рекреациялық шаруашылық объектілеріне Қазақстан Республикасының меншік құқықтарын реттеу туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау турал» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Енді «2009 жылғы 1 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасы Ыстықкөл облысының Ыстықкөл ауданындағы жер учаскелерін жалға беру туралы шартты және 2009 жылғы 1 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасы Ыстықкөл облысының Ыстықкөл ауданындағы жер учаскелерін жалға беру туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған құжаттар Ыстықкөлде орналасқан бірқатар курорттық-рекреациялық орталықты басқару шарттарын өзектендіруді көздейді. Жалпы, бұл заңдар бауырлас екі елдің стратегиялық серіктестікке негізделген достық қатынастарын одан әрі нығайтуға оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы заңдар бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті сенаторлар! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Моңғолия арасындағы уақытша сауда келісімін ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Бұқтұғұтов Шәкәрім Сабырұлына беріледі.

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Заңның негізгі мақсаты тарифтік және тарифтік емес кедергілерді төмендету немесе жою арқылы тараптар арасындағы тауар саудасын ырықтандыру және жеңілдету болып табылады. Келісім отандық өндірушілер үшін 367 басым тауар позициясы бойынша бажсыз режим енгізу арқылы нарықты кеңейтуге мүмкіндік береді.

Такой формат позволяет сфокусировать преференции на продукцию с высокой добавленной стоимостью, формирующей основу нашего несырьевого рынка.

В первую очередь это создает условия для развития сферы машиностроения и агропромышленного комплекса. Учитывая, что объем поставок в этих секторах уже демонстрирует стабильный рост и превысил 120 миллионов долларов, либерализация тарифов обеспечит нашим предприятиям решающее ценовое преимущество и позволит значительно расширить свое присутствие на рынке Монголии.

Наряду с тарифными преференциями соглашение радикально упрощает таможенное администрирование, устанавливая жесткий регламент по выпуску грузов в течение четырех часов с момента регистрации декларации, что существенно минимизирует временные издержки бизнеса.

Параллельно с этим формируется современная цифровая среда за счет закрепления норм по оптимизации трансграничной электронной торговли и взаимного признания юридической силы электронных подписей.

В вопросах технического регулирования, санитарного и фитосанитарного контроля стороны переходят на строгие стандарты Всемирной торговой организации, что гарантирует прозрачность требований и исключает применение необоснованных барьеров.

Институциональный каркас взаимодействия завершает создание совместного комитета, который станет основным инструментом мониторинга, оперативного разрешения споров и обеспечения прямой защиты интересов отечественных предпринимателей на монгольском рынке.

Следует отметить, что на сегодня торговое взаимодействие с Монголией демонстрирует положительную динамику. Так, по итогам 2025 года товарооборот между странами составил более 133 миллионов долларов США, при этом экспорт казахстанской продукции занимает доминирующую долю – более 123 миллионов долларов.

Құрметті әріптестер! В ходе рассмотрения закона замечаний и предложений от постоянных комитетов Сената не поступило.

Учитывая вышеизложенное, Комитет по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству в соответствии с подпунктом 7) статьи 29 Закона Республики Казахстан «О комитетах и комиссиях Парламента Республики Казахстан» и пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендует одобрить Закон Республики Казахстан «О ратификации Временного торгового соглашения между Евразийским экономическим союзом и его государствами-членами, с одной стороны, и Монголией, с другой стороны».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?  
Сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкіліне.

Еуразиялық экономикалық одақ пен Моңғолия арасындағы уақытша сауда келісімінің ратификациясы аясында тауарларды, соның ішінде мал шаруашылығы өнімдері мен ауыл шаруашылық шикізатын тасымалдау және өзара жеткізуді іске қосу және белсендіру қарастырылуда. Дегенмен Моңғолия аумағында соңғы жылдар бойы жануарлардың бірқатар өте қауіпті аурулары бойынша эпизоотиялық жағдай қолайсыз болып келеді, бұл тауар ағындарының өсуімен Қазақстан Республикасы аумағына жұқпалы ауруларды әкелу мен тарау тәуекелін объективті түрде арттырады.

Көрсетілген жағдайларда жануарлар эпизоотиялары бойынша бақылауды жүргізу, өту пункттерінің инфрақұрылымының дайындығы, сондай-ақ эпизоотиялық жағдай нашарлаған кезде жедел жүйені іске қосу механизмдерінің мәселелері ерекше маңызға ие болады. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Ауыл шаруашылығы министрлігі осы келісім ратификацияланғаннан кейін Моңғолиядан өнімдерді кіргізу кезінде жануарлар ауруларының әкелінуі мен таралуын болдырмау үшін қандай шараларды жоспарлап отыр және эпизоотиялық ахуал нашарлаған жағдайда шектеулерді енгізу мүмкіндігі қарастырылған ба? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Тасжүреков Ербол Қуанышұлы, жауап беріңіз.

ТАСЖҮРЕКОВ Е.Қ. Сұлтан Мырзабекұлы, сұрағыңызға рақмет.

Расында да Моңғолиядағы эпизоотиялық ахуал 2016 жылдан бастап өте күрделі, сондықтан 2016 жылдың қаңтар айынан бастап біз барлық ауыл шаруашылығындағы малдарды алып келуге және оның өнімдеріне шектеу қойғанбыз.

Ең бастысы қазіргі қаралып жатқан заңда біз қойған ветеринариялық шектеулер, әсіресе фито-санитариялық шектеулер ешқандай жойылмайды. Сондықтан бұл шектеулер сақталады. Егер бұл жағдай түзеліп, біз болашақта да мал шаруашылығы өнімдері мен тірідей мал алып келетін болсақ, онда бүгінгі күні ветеринариялық қадағалауға қажетті заманауи хроматографтар алынған. Сол лабораториялардың арқасында қадағалайтын боламыз, сондықтан бүгінгі күні ешқандай қауіп жоқ. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Ершов Сергей Михайловичке беріледі.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, уважаемый Маулен Сағатханұлы.

Мои вопросы адресованы Министерству сельского хозяйства.

Временное торговое соглашение с Монголией открывает значительные перспективы: обнуление пошлин для 90 процентов товарных позиций, снижение ставки ввозной пошлины для наших экспортеров с 6 процентов до 0,2 процента.

По итогам 2025 года товарооборот с Монголией составил 133,5 миллиона долларов, при этом экспорт Казахстана составил 123 миллиона долларов, что доминирует над импортом в 12 раз. С одной стороны, это хорошо, с другой стороны, вызывает беспокойство тем, что может вызвать ответный протекционизм. Тем более импорт конины из Монголии в 2025 году вырос вдвое.

На фоне обнуления пошлин и скромного роста производства наши фермеры опасаются демпинга.

В связи с этим вопросы.

Предусмотрен ли механизм введения защитных пошлин, если импорт по чувствительным позициям превысит средние показатели последних трех лет?

Какие конкретные индикаторы станут основанием для защиты нашего рынка?

Имеется ли риск реэкспорта продукции из третьих стран под видом монгольской?

Готовы ли наши службы к технической верификации сертификатов в режиме реального времени?

Есть ли договоренность с монгольской стороной о проведении совместных выездных проверок на предприятиях-экспортерах для подтверждения их мощностей? Спасибо.

ТӨРАҒА. Ербол Қуанышұлы, жауап беріңіз.

ТАСЖҮРЕКОВ Е.Қ. Спасибо за вопросы.

Если говорить о данном соглашении, то в случае демпинга у нас есть статья, которая предусматривает случаи применения демпинговых цен к импортным товарам, и мы можем своевременно реагировать совместно с Министерством торговли и интеграции.

Что касается товарооборота. Да, действительно, товарооборот растет, причем в нашу пользу.

На сегодня, если касательно продукции сельского хозяйства, импортируется, как отметили, только конина, которая используется исключительно для последующей переработки, для производства колбасных изделий.

Касательно индикаторов. Надо отметить, что у нас на сегодня функционирует Ситуационный штаб, куда входят все контролирующие органы (санитарно-эпидемиологический и фитосанитарный надзор, ветеринарный контроль). В случае обращения по качеству или цене продукции Ситуационный штаб реагирует, проверяет надлежащее качество продукции в соответствии с продовольственной безопасностью.

В случае расхождения цен, когда мы наблюдаем, что в стране-импортере товар реализуется дешевле, чем в стране-экспортере, совместно с Министерством торговли и интеграции мы имеем право принимать решение в отношении их товаров.

При экспорте и импорте обязательно между двумя странами формируется реестр экспортеров и импортеров. Обязательно наши службы выезжают и проверяют эти

предприятия на соответствие производства, соблюдение установленного законодательства в сфере продовольственной безопасности, всех нормативов.

Бывает, когда по взаимному гарантированию без выезда, но через видеоконференцсвязь могут подтвердить. Но здесь уже соответствующие ветеринарные службы Монголии должны взять на себя обязательство за качество производимых и экспортируемых товаров. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Шәкәрім Сабырұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Нәутиев Әлібек Ибатуллаұлына беріледі.

НӘУТИЕВ Ә.И. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған келісім тарифтік және тарифтік емес кедергілерді төмендету немесе жою, сондай-ақ экономикалық өзара іс-қимылды қолдау арқылы тараптар арасындағы тауарлар саудасын ырықтандыруға және жеңілдетуге бағытталған.

Келісімнің тауарлық қамтылуына әр тараптан 367 тауар қалыптасқан. Өз кезегінде Қазақстанның экспорттық мүддесі толықтай қамтамасыз етілген. Моңғолия азық-түлік өнімдері мен өнеркәсіптік тауарларға импорттық кедендік баждарды алып тастайды. Еліміз үшін экономикалық тиімділіктердің қатарында моңғол тарапынан тарифтік жеңілдіктердің республикамыздың Моңғолияға экспортының 92 пайызын қамтуы. Нәтижесінде отандық бизнес импорттық кедендік баждарды төлеу кезінде үнемдеуге қол жеткізеді. Тарифтік қорғау деңгейінің төмендеуі қазақстандық жеткізілімдерді ұлғайтуға қолайлы жағдай жасай отырып, олардың Моңғолия нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Екі ел арасындағы тауар айналымының оң серпіні мен экспортқа бағытталған екіжақты сауданың жоғары деңгейі тағы бір мәрте атап өтуге тұрарлық мәселе. Қазақстаннан Моңғолияға жеткізілетін негізгі тауарлар қатарына темекі өнімдері, нан және кондитерлік өнімдер, кофе мен шай, дәрілік заттар, теледидарлар, мониторлар мен проекторлар жатады. Ал Қазақстан Моңғолиядан жылқы етін, картоп, пошта маркалары мен өзге де бағалы қағаздарды, аяқ киім және басқа да тауарларды импорттайды.

Сонымен қатар келісімді ратификациялау ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп секторының дамуына оң әсерін тигізеді. Экспорт үшін қолайлы тауарларды өткізу нарықтарын кеңейту арқылы отандық өндірісті ұлғайту үшін қосымша ынталандыру болатыны сөзсіз.

Жалпы, бұл келісім Еуразиялық экономикалық одақ елдері мен Моңғолия арасындағы сауда байланыстарын дамытуға және нығайтуға, сондай-ақ Моңғолия нарығына тауарларды ілгерілету үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыруға бағытталған.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып өзім заңды қолдаймын және әріптестерімді де заңды қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ, енді заң бойынша шешім қабылдайық.  
«Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Моңғолия арасындағы уақытша сауда келісін ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған келісім Еуразиялық экономикалық одақ елдері мен Моңғолия арасындағы сауда қатынастарын одан әрі нығайтуды көздейді. Атап айтқанда, кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау үшін келісім шеңберінде уақытша кедендік жеңілдік тетіктері қарастырылған.

Заңның мақұлданыуы тараптар арасында іскерлік байланыстарды, сондай-ақ сауда-экономикалық белсенділікті арттыруға оң ықпалын тигізеді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Құрметті әріптестер, депутаттық сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**  
**2026 жылғы 12 ақпан**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты**  
**Н.С. Байқадамовтың өкілеттігін тоқтату туралы**

О прекращении полномочий депутата Сената Парламента Республики Казахстан Байқадамова Н.С.

**Сөз сөйлеген:**

Выступил:

БАЙҚАДАМОВ Н.С. .... 2

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2006 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасы Ыстықкөл облысының аумағында орналасқан курорттық-рекреациялық шаруашылық объектілеріне Қазақстан Республикасының меншік құқықтарын реттеу туралы келісімді және 2006 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасы Ыстықкөл облысының аумағында орналасқан курорттық-рекреациялық шаруашылық объектілеріне Қазақстан Республикасының меншік құқықтарын реттеу туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау турал» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Кыргызской Республики об урегулировании прав собственности Республики Казахстан на объекты курортно-рекреационного хозяйства, расположенные на территории Иссык-Кульской области Кыргызской Республики, от 4 июля 2006 года и Протокола о внесении изменений и дополнений в Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Кыргызской Республики об урегулировании прав собственности Республики Казахстан на объекты курортно-рекреационного хозяйства, расположенные на территории Иссык-Кульской области Кыргызской Республики, от 4 июля 2006 года», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2009 жылғы 1 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасы Ыстықкөл облысының Ыстықкөл**

**ауданындағы жер учаскелерін жалға беру туралы шартты және 2009 жылғы 1 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасы Ыстықкөл облысының Ыстықкөл ауданындағы жер учаскелерін жалға беру туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Договора между Правительством Республики Казахстан и Правительством Кыргызской Республики о предоставлении в аренду земельных участков в Иссык-Кульском районе Иссык-Кульской области Кыргызской Республики от 1 декабря 2009 года и Протокола о внесении изменений и дополнений в Договор между Правительством Республики Казахстан и Правительством Кыргызской Республики о предоставлении в аренду земельных участков в Иссык-Кульском районе Иссык-Кульской области Кыргызской Республики от 1 декабря 2009 года», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Н.И. НИЯЗОВАНЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по финансам и бюджету НИЯЗОВОЙ Н.И. ....	3
<b>Сөз сөйлегендер:</b>	
Выступили:	
АРҒЫНБЕКОВА А.С. ....	4
ТЕМІРБЕКОВ Д.О. – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, вице-министр финансов Республики Казахстан .....	5
ҚАДЫРБЕК М.Б. ....	6
ҚАЗИЕВА О.Н. – Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығы басшысының орынбасары, заместитель руководителя Медицинского центра Управления делами Президента Республики Казахстан .....	6
ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. ....	6

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Моңғолия арасындағы уақытша сауда келісімін ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Временного торгового соглашения между Евразийским экономическим союзом и его государствами-членами, с одной стороны, и Монголией, с другой стороны», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Ш.С. БҰҚТҰҒҰТОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству БУКТУГУТОВА Ш.С. ....	8
<b>Сөз сөйлегендер:</b>	
Выступили:	
ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. ....	9

ТАСЖҮРЕКОВ Е.Қ. – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі, вице-министр сельского хозяйства Республики Казахстан .....	9
ЕРШОВ С.М. ....	9
ТАСЖҮРЕКОВ Е.Қ. ....	10
НАУТИЕВ Ә.И. ....	11

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

М. Исақов

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. Молдашева